

«Балбөбек» бөбекжай-бақшасы МКҚК
№2 әдістемелік кеңес отырысы хаттамасы

Қаратал ауылы

07.10.2025ж

Қатысқандар: 8 педагог

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. «Мектепке дейінгі ұйымда салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызы». Әдіскер: А.С.Қалуова
2. Ағымдағы әр түрлі мәселелер

1.Тыңдалды: Балабақша әдіскері А.С.Қалуова

Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектеп жасына дейінгі кезеңде қалыптасатындығын айтып өтті. Сондықтан бала ағзасының қызметін жетілдіру қабілетін арттыру осы кездегі ең басты міндет болып табылады.

Бұл міндеттердің маңыздылығы мынада: ағзаның қорғаныс қабілеті нашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды. Сондықтан сүйектің, буынның дұрыс әрі өз мерзімінде жетілуіне, бел омыртқаның физиологиялық иіндерінің қалыптасуына, табан дөңістерінің дұрыс жетілуіне, тыныс алудың тереңдігі мен ырғақтылығы тыныс алуды қозғалыспен үйлестіруге мүмкіндік жасап, үнемі ықпал ету қажет деп атап өтті.

Жаңа стандарт негізінде мектеп жасына дейінгі баланы шынықтыру-сауықтыру шаралары мақсаты: өз денсаулығына саналы көзқарасын тәрбиелеу, денсаулықтың адамға берген басты құндылығы екенін түсіндіру, қозғалыс белсенділігін дамыту және физиологиялық қасиеттерін қалыптастыру деп түсіндіріп өтті.


2.Тыңдалды: Ағымдағы мәселелер.

Сөйледі: Әдіскер А.С.Қалуова алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Алдағы болатын ертеңгіліктер қарсаңында ата-аналармен көрме ұйымдастырылады, топтарда ата-аналар бұрыштарына құттықтау ілініп, балаларға мәлімет берілсін. Тәрбиелік іс-шаралар жоспар бойынша өткізілсін. Сонымен бірге, жаңа жыл мерекесінің сценариін музыка жетекшісі дайындап, топтарға тарқатып берсін. Ата-аналармен кезекті ата-аналар жиналысын өткізіп, хаттамалары уақытылы толтырылсын.

Шешім:

- 1.МДҰ салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында сауықтыру – шынықтыру шаралары қолға алынсын
- 2.Жас мамандар ашық ұйымдастырылған іс-әрекет қатысуы тәлімгерлерге жүктелсін.
3. Ата-аналармен кезекті ата-аналар жиналысын өткізіп, хаттамалары уақытылы толтырылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:
Хатшы:



А.С.Қалуова
Б.Б.Нарынбаева

«Балбөбек» бөбекжай-бақшасы МКҚК
№3 әдістемелік кеңес отырысы хаттамасы

04.11.2025ж

Қатысқандар: 8 педагог

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. «Экология негіздері арқылы баланың эстетикалық талғамын қалыптастырудың маңызы» Әдіскер: А.С.Қалуова
2. Тәрбиешілердің ұйымдастырылған іс-әрекетін бақылау. Меңгеруші Р.Ж.Шауменова
3. Ағымдағы әр түрлі мәселелер

1.Тыңдалды: Балабақша әдіскері А.С.Қалуова

Табиғатқа деген сыйды жоғалту адамзаттың адамгершілік құндылықтарын жоғалтуға әкеліп соқтырады. Қазіргі уақыттағы әлемдегі экологиялық жағдай адам көзқарасының өзгеруін талап етеді. Өсіп келе жатқан ұрпақта жаңа экологиялық сезім қарастырылуы керек деп санаймын. Экологиялық тәрбие жұмысын жүргізу, оқытудың негізгі формалары бақылау, қызықтау, серуен болып табылады. Тәрбиешінің табиғи нысандары мен табиғат құбылыстарын бақылауды ұйымдастыруы, балаларды табиғатпен таныстырудың негізгі мәселесі болып есептеледі. Қызықтау кезінде балаларды таза ауада, көз тартар әдемі гүлдер мен ағаштар арасында болуы көтеріңкі көңіл – күймен қатар табиғат сұлулығын сезіне білуіне зор әсер ететіні анық. Ал серуен кезінде, тәрбиеші балаларды табиғатпен таныстырып, өсімдіктерге су құю, құрғақ жапырақтарды бірге жинау, ағаш түптерін тазалау т.б. сияқты қарапайым еңбек түрлеріне қатыстырады. Мұндай еңбек түрлерін орындау, балалардың еңбекке деген жауапкершілік сезімдерін дамытып, ынтасын арттырады. Экологиялық тәрбие жұмысын ұйымдастыруда тәрбиенің негізгі салалары болып табылатын адамгершілік, эстетикалық еңбек, имандылық тәрбиелерімен сабақтаса жүргізу басшылыққа алынады. Балаларға мазмұнда көрсетілгендей өлі және тірі табиғатпен одан әрі таныстырып, табиғат құбылыстары жайында бастапқы жалпылама ұйымдарды нақты түрде меңгеру ұсынылады. Қорытындылай келе мектеп жасына дейінгі балаларға өз табиғатымызды сақтап, оның әсемдігімен таныстыра отыра, өзіміздің өмір сүруімізге зор әсер ететіндігін, табиғат пен адамдар тығыз байланыста екендігін, бір – бірінсіз тіршілік болмайтынын түсіндіре отыра қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын арттыруға, қамқор болып, қорғауға тәрбиелеуіміз керек. Сонда ғана табиғатымыздың ауасы таза, берер құдіреті көп болмақ деген ойдамын деп баланың эстетикалық талғамының, табиғатқа деген әсем сезімнің қалыптасуының маңызын түсіндіріп өтті.

2. Тыңдалды: Меңгеруші Р.Ж.Шауменова сөз алып, өтілген ұйымдастырылған іс-әрекет жақсы өтілетіндігін коммуникативтік дағдылар бойынша балалардың сөйлеу мәнерінің дамуына, ой-өрісінің дамуына үлкен септігін тигізетіндігін айтып өтті. Алдағы уақытта әр маман, әр тәрбиеші өз ұйымдастырылған іс-әрекеттерін тиянақты өткізсе. Жас мамандардың мұқият қатысып, ой түртіп алуын ескерте кетті. Сонымен қатар ұйымдастырылған іс-

әрекет көрнекіліктердің өте жоғары деңгейде дайындау ескертілді. Балалардың назарын тәрбиеші бірден өзіне қарату жағдайын жасау үшін, алдымен қолданылатын көрнекілік талапқа сай болу керек. Бұл дегеніміз балалардың үіә қызыға қарайтындығын көп нәрсені ойына түйетіндігін айта өтті.

3. Сөз сөйлегендер: Әдіскер А.С.Қалуова

тәрбиешілердің ұйымдастырылған іс-әрекеті жақсы дәрежеде өткендігін айта келе тақырып, көрнекіліктер жас ерекшелігіне сай екендігін айтты. Балалардың әр үіә қызметінде баланың белсене қатысатындығы көрініп тұрғандығын айта кетті.

3.Тындалды: Ағымдағы мәселелер.

Сөйледі: Әдіскер А.С.Қалуова алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Желтоқсан айында ата-аналарға қыс мезгіліне байланысты берілетін кеңестер ата-аналар бұрышына уақытылы ілініп, мәліметтер берілуін және желтоқсан, қаңтар айында жоспарланған ұйымдастырылған іс-әрекет уақытылы өтілуін, оған барлық педагог-тәрбиешілер қатысып, өзара ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысу парағын толтырып отыруларын айтты. Балаларға жол ережесін үйрету, балалармен өтетін спорттық сайысына тыңғылықты дайындалуларын, балабақша мен мектеп сабақтастығы, мектепалды топ балаларының мектеп кітапханасына саяхатқа баруы, оны дұрыс ұйымдастыру туралы айтып, әрбір өткізген шараларының есебін уақытылы тапсырып отыруларын айтты.

Шешім:

1. Экологиялық тәрбие жұмысын ұйымдастыруда тәрбиенің негізгі салалары болып табылатын адамгершілік, эстетикалық еңбек, имандылық тәрбиелерімен сабақтаса жүргізу қолға алынсын.
2. Жас мамандар ұйымдастырылған іс- әрекетке қатысуы тәлімгерлерге жүктелсін.
3. Желтоқсан айында ата-аналарға қыс мезгіліне байланысты берілетін кеңестер ата-аналар бұрышына уақытылы ілінсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:

Уларов

А.С.Қалуова

Б.Б.Нарынбаева

**«Балбөбек» бөбекжай-бақшасы МКҚК
№4 әдістемелік кеңес отырысы хаттамасы**

Қаратал ауылы

04.12.2025ж

Қатысқандар: 8 педагог

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. «Ағымдағы бақылау жұмыстары, тәрбиешілердің ертеңгілік балаларды қабылдауы туралы». Әдіскер: А.С.Қалуова.
2. Ертеңгіліктің өткізілуі туралы бағыт беру. Меңгеруші Р.Ж.Шауменова.
3. Ағымдағы әр түрлі мәселелер

1.Тыңдалды: Балабақша әдіскері А.С.Қалуова.

Барлық топта таңертеңгі гимнастика жасалып, күй күмбірі музыкасы ойналады. Ертеңгілік ылғалды тазалық жұмыстары жүргізілді.

Ағымдағы бақылау жұмыстары бойынша: балалардың тамақтануы кезінде мәдени- гигиеналық дағдыларды ұйымдастыру және өткізу баланың денені дұрыс ұстауы, мәдениетті тамақтану бақылауға алынды.

Әкімшілік бақылау бойынша: Топтардың тазалығы, бұрыштардың толықтырылуы қаралды.

Жедел бақылау жұмыстары бойынша: тәрбиешілердің балаларды серуенге шығара ма, серуенді қандай деңгейде қалай өткізді, сол туралы бақылау жұмыстары жүргізілді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша «Бірлік және ынтымақ айы», «Мен елімнің патриотымын» атты мәнерлеп оқу байқауы өткізілсін. Тәрбиешілерге стандарт бойынша әдістемелік көмек көрсетілді. Жаңа жыл ертеңгілігінің өткізілуі туралы, безендіру жұмыстары туралы бағыт берілді.

2.Тыңдалды: Меңгеруші Р.Ж.Шауменова сөз алып, «Еңбегі адал- жас өрен» жобасы аясында «Шырша ойыншықтары» қолөнер сайысы бойынша өткізілсін. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша «Аталар, әжелер, әкелер, аналар», «Жас аналар» мектебі жоспары орындалсын.

3.Тыңдалды: Ағымдағы мәселелер.

Сөйледі: Әдіскер А.С.Қалуова алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Залды безендіруге барлықтарыңыз атсалысу ескертілді. Тәрбиешілер мен мамандардың құжаттарын тексеру барысындағы кемшіліктерді айтып, түзету жұмыстарын талап етті.

Шешім:

1. Ертеңгілік уақытта жұмыс талаптары орындалсын. Кварц қосылып, ылғалды уборка жүргізілсін.
2. Жаңа жылдық безендіру жұмыстары жүргізіліп, қауіпсіздік шаралары қолға алынсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:

А.С.Қалуова

А.С.Қалуова

Б.Б.Нарынбаева

**«Балбөбек» бөбекжай-бақшасы МКҚК
№5 әдістемелік кеңес отырысы хаттамасы**

Қаратал ауылы

06.01.2026ж

Қатысқандар: 8 педагог

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. «Қауіпсіздік» бағдарламасының орындалуы. Әдіскер: А.С.Қалуова.
2. Ашық ҮІӘ жұмыстарының орындалуы. Меңгеруші Р.Ж.Шауменова.
3. Ағымдағы әр түрлі мәселелер

1.Тындалды: Балабақша әдіскері А.С.Қалуова.

«ТӨТЕНШЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТЕЛЕФОН НӨМІРЛЕРІ»

1. Балаларды «төтенше қызметтер» ұғымымен және төтенше қызметтердің телефон нөмірлерімен таныстыру.
2. Қандай жағдайларда төтенше қызметтерге қоңырау шалу керектігін түсіндіру.
3. Балаларды төтенше қызмет операторына ақпаратты дұрыс және анық жеткізуді үйрету.

Қайда және қалай қоңырау шалу керек екенін үйрену:

- бейнеролик тамашалау;
- қажетті телефон нөмірін теру;
- анық және сабырлы (байсалды) сөйлеу.
- өзін таныстырып (аты-жөнін, қайдан екенін айту) не болғанын айту.

Қоңырау шалуға жаттықтыру. Ол үшін бала қажетті телефон нөмірін теріп, операторға ақпарат беруі керек.

Төтенше қызметтердің телефон нөмірлерін қайталау:

Ойын түрінде төтенше қызметтердің телефон нөмірлерін қайталау. Телефон нөмірлерін есте сақтау үшін ән немесе тақпақ (рифма) ойластыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің рефлексиясы.** Балаларға үйде қайталау үшін төтенше қызметтердің телефон нөмірлері жазылған карточкалар немесе жапсырмалар тарату.

Баланың есінде сақтату:

Өрт күзеті-101

Полиция-102

Жедел жәрдем-103

Төтенше газ қызметі-104,112

111 жедел қызметі 24/7 байланыста

«Даладағы қауіпті орындар»

(Ашық құдықтар, қаңырап қалған ғимараттар, септиктер, құрылыс алаңдары, гараждар)

Балалармен көшедегі қауіпті орындар туралы әңгімелесу:

Ашық құдықтар:

Ашық құдыққа ешқашан жақындама, құлап кетіп, қатты жарақат алуың мүмкін. Егер ашық құдықты көрсең, ересек адамға айт немесе құтқару қызметіне қоңырау шал.

Қаңырап қалған ғимараттар:

Қаңырап қалған үйлерге немесе ғимараттарға кірме, олар өте қауіпті болуы мүмкін. Онда сынған еден, құлаған заттар немесе қауіпті жәндіктер, жануарлар болуы мүмкін.

Септиктер:

Септиктердің қақпақтарына жақындама, олар бекітілмеген болуы мүмкін. Егер ашық септикті байқасаң, ересек адамға айт.

Құрылыс алаңдары:

Ешқашан құрылыс алаңдарында ойнама, онда қауіпті заттар көп, жарақат алуың мүмкін.

Әрқашан құрылыс алаңдарынан алыс жүр. Гараждар:

Гараждардың жанында, әсіресе олар жабық болса және ішінде ешкім болмаса, ойнама. Гараждарда қауіпті құралдар немесе химиялық заттар болуы мүмкін. Балалармен көшедегі қауіпті орындардағы тәртіп ережелерін қайталау.

2.Тыңдалды: Меңгеруші Р.Ж.Шауменова сөз алып, жоспар бойынша ашық үй жұмыстары жақсы деңгейде өткенін атап өтті.

3.Тыңдалды: Ағымдағы мәселелер.

Сөйледі: Әдіскер А.С.Қалуова алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Циклограмманы уақыты жазып, бекітуге тапсыру ескертілді.

Шешім:

1. Ертеңгілік уақытта жұмыс талаптары орындалсын. Кварц қосылып, ылғалды уборка жүргізілсін.

2. «Қауіпсіздік» бағдарламасы жоспар бойынша орындалсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:

Нарынбаева

А.С.Қалуова

Б.Б.Нарынбаева

**«Балбөбек» бөбекжай-бақшасы МКҚК
№6 әдістемелік кеңес отырысы хаттамасы**

Қаратал ауылы

03.02.2026ж

Қатысқандар: 7 педагог

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. «Жобалау» әдісі туралы. Әдіскер: А.С.Қалуова.
2. Музыкалық іс-әрекетте қолданылатын инновациялық технология.
Музыка жетекшілері: Б.Б.Нарынбаева
3. Ағымдағы әр түрлі мәселелер

1.Тыңдалды: Балабақша әдіскері Қалуова А.С.

- Баланы өзің қалай тәрбиелесең, ол солай тәрбиеленеді. Жобалау әрекеті білім беру саласында жақында ғана пайда болып кең тарап жатқан әдістердің бірі. Оның негізгі бағыты, қандай да бір мәселені шешуде жетістікке жету. Жобалау әдісі арқылы ұйымдастырылған оқыту үрдісінде балалар шынайы өмірдің тәжірибесіне негізделген мәселе-ізденіске бағытталған әрекетке қатысып, нәтижеге жету барысында жаңа білімді, тәжірибені игеруге кеңінен мүмкіндік алады. Сондықтан да жобалау әдісін барлық тәрбиешілер балалармен бірге бір тақырыпты алып, зерттеп отыру ұсынылды. Жобаны бала жасына сай, мерзімін апталық, айлық немесе одан да көп алуға болатындығын айтты.

-Балабақшаның музыка жетекшісі Б.Б.Нарынбаева өзінің іс-әрекеттерінде қолданатын инновациялық технологияларымен бөлісті. Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияны ендіруге көптеген күш жұмсалады. Сол себепті педагогтардың негізгі міндеті: әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдау, жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу, жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау екендігін айтты. Музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінде инновациялық технологияларды жүйелі түрде қолдану баланың музыкалық қабілетінің дамуы және денсаулығының нығайуын жақсартады.

Музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінде қолданылатын инновациялық технологиялар:

- дауыс жаттығулары;
- дем алу жаттығулары;
- артикуляциялық жаттығулар;
- саусақ жаттығулары;
- әуентерапиясы;

Музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінде инновациялық технологияны қолдану баланың жас ерекшелігіне және қызығушылығына қарай нәтижелі болады. Инновациялық технологияларда сауықтыру бағытының болуы және педагогтың денсаулық сақтау әрекетін кешенді пайдалануы, баланы салауатты өмір салтына толық ұйымдастырады. Инновациялық технологияларды музыка іс-әрекетінде мынандай әдіс-тәсілдермен қолдануға болады: Ойын тәсілі: (саусақ жаттығуларын, саусақты-сөзді ойындарды, әуенді ойындарды, өзін-өзі уқалау жаттығуларын, дидактикалық ойындарды қолдану арқылы өтеді). Көрнекілік: (суреттер, ойын құралдары, ойыншықтар, музыкалық дидактикалық ойын құралдары, балаларға арналған музыкалық аспаптар). Сөздік: (әңгіме

күру, көркем сөздер, әндер, дауыс және атрикуляциялық жаттығулар).
Тәжірибелік: (музыкалық әрекеттің барлық түрі). Осындай инновация технологияларымен бөлісіп, тиімді екендігін айтып өтті.

- Ағымдағы мәселелер.

Сөйледі: Әдіскер А.С.Қалуова алда жасалатын жұмыстарға талдау жасады.

Шешім:

1. Ұйымдастырылған іс-әрекетте жаңа инновациялық технологияны қолдану ұсынылды.
2. Топта тазалық жұмыстары күнделікті орындалсын.
3. Аттестацияға баратын педагогтар құжаттары «Ұстаз» платформасына толықтырылып салынсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:



Нарынбаева

А.С.Қалуова

Б.Б.Нарынбаева

**«Балбөбек» бөбекжай-бақшасы МКҚК
№7 әдістемелік кеңес отырысы хаттамасы**

Қаратал ауылы

03.03.2026ж

Қатысқандар: 8 педагог

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. «2025-2026» оқу жылындағы жылдық мақсат-міндеттердің орындалуы.

Әдіскер: А.С.Қалуова.

2. Ағымдағы әр түрлі мәселелер

1.Тыңдалды: әдіскері Қалуова А.С.

1. "Ұлт болашағы балалар мен жасөспірімдер бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып ұрпақты тәрбиелеу".

Мақсаты:

- «Адал Азамат» бағдарламасы арқылы елімізді жаңартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымы".

-Құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыру.

Балалармен:

-Озық дамыған мемлекет құру үшін өскелең ұрпақты тәрбиелеуге ерекше назар аудару. Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыру.

- Балалардың қабілетін ерте жастан анықтау, жетілдіру және тәрбиелеу, сөйлеу машықтарын, логикалық ойлауларын, топпен жұмыс істеу қабілеттерін арттыру;

-Балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, баланы әрекетке ынталандыру, оны тұлға ретінде дамыту, қабілеттерінің ерте көрінуіне ықпал ету.

Педагогтармен:

- Қазіргі талапқа сай балалардың материалдарға еркін қолжетімділікті және күні бойы немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, олардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдарды дайындау.

Ата – аналармен:

-Балалардың дүниетанымымен бірге, оның дамуына көмек пен қолдау көрсету мақсатында балабақшамен бірлесе жұмыс жасау;

-Тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік

заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындау.

Биылғы оқу жылында алынған мақсат- міндеттер жоспар бойынша орындалды. Өз ұлттық құндылықтарымызды бала бойына сіңіруде көптеген жұмыстар атқарылды. «Адал Азамат» бағдарламасы бойынша «Аналар, әкелер, аталар, әжелер» мектебі жоспары бойынша «Менің отбасым» «Гүлдер» ортаңғы тобы

тәрбиеші Оспанова С.М, «Ою өрнекті кестелеу» «Күншуақ» ересек тобы
С.С.Абдуллаева, «Қыс ғажайыптары» «Балапан» аралас тобы Б.Б.Нарынбаева.
көптеген жұмыстар ата-аналармен бірлесе отырып жүргізілді.

Ағымдағы мәселелер.

Сөйледі: Әдіскер А.С.Қалуова мерзімі аяқталған барлық педагогтар курстан
өту керек. Республикалық журналдарға, газеттерге мақала беріп, өз іс-
тәжірибесімен бөлісу ескертілді.

Шешім:

1. Жылдық тапсырмалар орындалсын.
2. Топта тазалық жұмыстары күнделікті орындалсын.
3. Өз іс-тәжірибелері таратылып, публикация берілсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:



А.С.Қалуова

Б.Б.Нарынбаева

**«Балбөбек» бөбекжай-бақшасы МКҚК
№9 әдістемелік кеңес отырысы хаттамасы**

Қаратал ауылы

02.05.2026ж

Қатысқандар: 8 педагог

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. «Педагог шығармашылық жұмыстарын қалай жүзеге асыру керек?»

Әдіскер: Қалуова А.С.

2. «Реджио» педагогикасының қолдану тиімділігі.

Тәрбиеші Б.А.Кенжегулова.

3. Ағымдағы әр түрлі мәселелер

1.Тыңдалды: әдіскері Қалуова А.С.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері тәрбиешілерге өзіндік шығармашылық тақырыптардың қалай жүзеге асыру керектігін айтып өтті. Әрбір педагогикалық технологияның өзіндік әдіс-тәсілдерінің ерекшеліктеріне қарай әр тәрбиеші өз ізденісі арқылы жеке баланың қабылдау деңгейі мен қабілетіне сәйкес іріктеп пайдаланады. Тәрбиеленуші өз ойын дұрыс бағамдап, дәлелдеуге тырысады, ой-өрісін кеңейтеді, еркін ойлай отырып, келе-келе тәрбиешінің түсіндіргеніне қарағанда өз ізденісімен қызығушылық танытып, шығармашылық қабілеттері ұшталады. **Адам өміріндегі ең негізгі, маңызды кезең – жоғары оқу орнында білім алған кезеңі емес, бұл туылғаннан алты жасқа дейінгі балалық шақ.** Өйткені осы мезетте адамның маңызды құралы ой-өрісі қалыптасады. Сонымен қатар психиканың барлық мүмкіндіктері де қалыптасып отырады. Әр бала алты жасқа дейінгі білімді, маманды көмекті қажет етеді. Балабақшадағы тәрбие ұзақ уақыт бойы баланың танымдық дамуын қамтамасыз етуге бағытталып келеді. Ал олардың әлеуметтік-эмоционалдық дамуы арнайы педагогикалық ізденістердің нысанасы болуы сирек кездеседі. Тәрбиеленушіге тұлғалық, бағдарлылық қарым-қатынас, оның дара өзгешеліктерін қолдау, шығармашылық қабілеттерін дамыту-бүгінгі күні басым мән беріліп отырған бағыттар болып табылады. Қазіргі уақытта Қазақстанда тәрбие мен білім берудің ерекше үрдісі қалыптасқан. Бұл үлгі білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға балдырғанның ойлау қабілетін, білігін, білімін емес, оның тұлғалық қасиетінің дамуын алға қойып отыр. Әрбір тәрбиеші шығармашыл жұмыс жасаған жағдайда ғана, еліміздің саналы, дарынды тәрбиеленуші балдырғандарды тәрбиелеп шығаруға мүмкіндігі бар. Шығармашылық іздену – тәрбиешінің еңбегіне, біліміне, ойөрісінің толысуына көп көмегін тигізеді. Бүгінде тәрбиешінің басты міндеті – педагогикалық технологиялар арқылы баланың интеллектуалдық, шығармашылық деңгейін жоғарылатып, жеке ерекшелігін, тұлғалық даралығын қалыптастыру. Балабақшада технологияларды қолдану

тәрбиешінің кәсіби шеберлігін арттырып, шығармашылық әрекеттің биігіне көтерілуіне ықпал етеді. Шығармашыл тұлғаның бойында өзіне тән ерекшелігі, қиялының ұшқырлығы, танымдық қызығушылығы, шабыты басым болады.

-Балабақша тәрбиешісі Кенжегулова Болган ұйымдастырылған іс-әрекетте Реджио педагогикасының қолдану тиімділігін айтып өтті. Реджио педагогикасының қағидаттарына сәйкес мектепке дейінгі балалардың өзара қарым-қатынасы әлемді зерттеуге, әлемнің өзіндік көрінісін қалыптастыруға болатын кеңістікте құрылады. Реджио педагогикасының дамытушы ортасы эксперименттер мен шығармашылыққа, бастамашылық пен дербестік танытуға мүмкіндік береді. Балалар мынадай компоненттері бар пәндік-кеңістіктік орта аймақтарын пайдаланады: әлеуметтік, кеңістіктік-пәндік. Реджио педагогикасында әрбір баланың өзін-өзі көрсетуі мен өзін-өзі көрсетуі үшін қажетті барлық жағдай жасалған. Балаларда еркіндік қалыптасқандығын, өз ойларын жеткізе білетіндігін айтып өтті. Көбінесе шығармашылық жұмыстар жасайтындарын, балалардың шығармашылық жұмыстарға деген қызығушылықтары артқандығын айтып өтті.

Бала дегеніміз-адам. Ал, кез-келген адам құрметке лайық. Балалар өзінің білімі мен дамуын бақылай алады. Балаларда өздерін көрсетудің көптеген жолдары мен тәсілдері: /драма, музыка, сурет салу, ән айту, би билеу, құрастыру, сұхбат/.

-Балабақша психолог маманы Г.Бітімбаева ерекше балалармен жұмыс жүргізетін арнайы педагогтердің инклюзия топ тәрбиешілеріне әдістемелік көмек көрсетті. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар бар топтардың білім беру процесі балаларға күтім жасау мен қамқорлықты, сондай-ақ білімге, маңызды өмірлік дағдыларға тәрбиелеу мен оқыту процестерін, балалардың жеке қасиеттері мен қабілеттерін дамытуды, олардың дамуындағы тапшылықты түзетуді көздейді. Білім беру қажеттіліктері бар балалардың ерекшеліктері мұндай балалардың білім беру мәселелерін басқалармен кәсіби түрде шешу үшін педагогикалық тәжірибені өзгерту мүмкін емес. Бірақ егер біз "ерекше" балалар үшін ерекше жағдай жасай бастасақ, онда біз басқа балалар үшін тең құқықтар принципін бұзамыз. Оны сақтау үшін барлық балалармен, олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жұмыс істеуді үйрену керек. Әрбір балабақша тәрбиешісі өзін – өзі тәрбиелейді, "инклюзивті" білім-бұл барлық балалардың айырмашылықтарының құндылығын және олардың оқу қабілетін тану, ол осы балаға ең қолайлы тәсілмен жүзеге асырылады. Бұл даму қиыншылықтары бар балалардың қажеттіліктерін ескеретін икемді жүйе. Оқыту жүйесі баланың жүйеге емес, балаға бейімделеді. Артықшылықтары арнайы топтар немесе бір бала емес, барлық балалар алады. Оқу жылының басында тәрбиеші ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тексереді.

Мониторинг барысында ерекше білім беруді қажет ететін баланың оқу іс-әрекетіне қызығушылығын тудырады. Педагог баланың оқуға деген қызығушылығы оған белгілі бір жетістіктерге жетуге көмектесетінін түсінеді. Балалардың қауіпсіз және әлеуметтік қолайлы белсенділігі үшін жағдай жасайды. Мүмкіндігі бар балаларға таңдау мүмкіндігін береді, баланың сезімдерін білдіруде қолдайды. Балалардың жас және жеке қажеттіліктеріне сәйкес күн тәртібін нақты орындайды. Қол жетімді даму ортасын жасайды. Балалардың мүдделерін зерттейді және қоршаған ортаға ойыншықтар мен заттарды олардың мүдделеріне сәйкес орналастырады. Балалардың дамуының өзекті деңгейін диагностикалаиды және олардың жақын даму аймағына сәйкес ортаны ұйымдастырады. Ол балалар қызықтыратын және айналысатын іс-шараларға қатысады. Баланың бастамасына қосылады. Балалардың ойынына жаңалық әкеледі. Проблемалық жағдайларды жасайды. Баланың назарында не бар екенін ауызша түсіндіруді қолданады. Баланы әңгімеге шақырады, баланың сөздерін қолдайды. Қиын жағдайда балаға көмек көрсетеді. Балаларға арналған дамыту тапсырмаларын ұйымдастырады. Ерекше білім беруді қажет ететін баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмаларды базалық компонентке сәйкес ұйымдастырады. Даму деңгейі әртүрлі балаларға арналған деңгейлік тапсырмалар мен тапсырмаларды әзірлейді. Топта және кіші топтарда балалардың бірлескен қызметін ұйымдастыратындығын айтты.

Ағымдағы мәселелер.

Сөйледі: Әдіскер А.С.Қалуова барлық педгогтар «Инклюзивті» оқыту курсынан өтсін.

Шешім:

1. Ерекше білім беруді қажет ететін баланың жеке ерекшеліктері ұйымдастырылған іс-әрекет жүргізуде ескерілсін.
2. «Реджио» педагогикасының қолдану тиімділігі инновациясын қолдану.
3. Топта тазалық жұмыстары күнделікті орындалсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:

Нарынбаева

А.С.Қалуова

А.С.Қалуова

Б.Б.Нарынбаева